

2021.11.17

Тіркеу № 14/42/04-10-21/17  
«04» 10 2021 ж.  
(Қордың тіркеу нөмірі мен күні)

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы 2021 жылғы 19 ақпандағы № 17/11/19-02-21/п шарттың үлгі нысанына №1 қосымша келісім**

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021ж.

Алматы қ.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, Алматы қ. Әділет департаментінің аудандық әділет басқармасы 2019 жылғы 19 ақпанда берген мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, бұдан әрі «Қор» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасы Курманов Жанат Бостанович арқылы,

Инвестициялық портфельді басқарушы «BCC INVEST» акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2018 жылғы 10 шілдеде берген бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған №3.2.235/12 лицензия, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) 030640007360, бұдан әрі «Басқарушы» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасының м.а. Дронин Александр Владимирович арқылы,

бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп атала отырып, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы 2021 жылғы 19 ақпандағы №17/11/19-02-21/п шарттың үлгі нысанына (бұдан әрі – Шарт) осы Қосымша келісімді (бұдан әрі – Қосымша келісім) төмендегілер туралы жасады:

1. Шартқа мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 11-тармақ мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) брокерлік комиссиялар, биржалық алымдар төлеуге байланысты шығыстарды және бастапқы құжаттармен расталып, жасалған кастодиан шартқа сәйкес ай сайын үш жақты салыстыру актісімен тіркелетін Басқарушының зейнетақы активтерімен мәмілелері бойынша ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында қаржы құралдарын сатып алуға немесе сатуға байланысты басқа шығыстарын зейнетақы активтерінің есебінен төлеуге міндетті.»;

2) 13-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда баяндалсын:

«10) зейнетақы активтерімен мәмілелерді номиналдық ұстау, оларға қызмет көрсету және зейнетақы активтері есебінен сатып алған қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі шоттарды жүргізу бойынша қызметтер көрсететін кастодиан банк ұсынған шоттарды, сондай-ақ Шарттың 11-тармағының 11) тармақшасымен көзделген шығыстарды қоспағанда, қызметтері зейнетақы активтерін басқару үшін қажет үшінші тұлғаларды тартуға байланысты шығыстарды төлеуге;».

